

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ҚОҒАМ МЕН УАҚЫТ ТАЛАПТАРЫНА САЙ КӘСІП ТАҢДАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ешенгазинова Айғаным, Муталиева Мөлдір

eshengazina_a@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Өлеуметтік ғылымдар факультеті

«Психология» мамандығының студенттері, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А. Айтышева

«Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ, мұның кез-келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе», - деген екен Ж.Аймауытов [1].

Жаһандану мен ақпарат заманы адам өмірі мен еңбегіне де көп өзгерістер алып келгені жасырын емес. Мамандықтар мен олардың сипаттамасы заман талабына сай өзгерістерге түсіп жатқаны да шындық. Соңғы уақыттарда көптеген дәстүрлі мамандықтар жетіліп, жаңа атауларға ие болып жатыр. Кейбір мамандықтар өз атауын сақтамағанымен, ондағы еңбектің сипаты мен мазмұны өзгеріп кеткен. Қазіргі заманғы өндіріс бағдарламалық басқару жүйесі бар жаңа техникалармен жабдықталып, қол еңбегін неғұрлым аз жасауға алып келетін компьютерлік сауаттылықтың жоғары болуын қажет етіп отыр. Адамдар қол жұмысын аса қажет етпейтін жеңіл жұмыстарды тәуір көретіні анық. Сонымен бірге, еңбек ақысының жоғары болуы да сол мамандықты таңдауға негіз болатын бірден-бір фактор екені шындық. Мамандық таңдау кезінде жіберілетін көп қателіктердің бірі – сол мамандық жөнінде мәліметтердің толық болмауы. Сонымен қатар, бірыңғай ұлттық тестілеуге сай таңдау пәніне сәйкес мамандықты таңдау қажеттігі де білім алушының өзі аса қаламайтын мамандықты меңгеруге мәжбүрлейді. Мысалы, біз қарастыратын «Психология» мамандығында білім алушылардың ішінде дәрігерлікті таңдағанымен, грантка өту үшін психология мамандығы бойынша білім алып жатқандар бар. Осының барлығы қазіргі жастардың қажетті мамандықтарға дұрыс назар аудармауына, қабілетінің мүмкіндіктерін шамаламастан кейбір жастардың жоғары еңбекақы төлейтін мамандықтарға көп мән беруіне апарып соғып отыр.

Аталған мәселелер біздің зерттеу жұмысымызға басты себеп болып, қазіргі жастардың мамандық таңдау ерекшеліктеріне психологиялық талдау жасай отырып, мамандықты меңгеру жолында білім алып жатқан студенттердің болашақ кәсібі мен сол кәсіптің қоғам үшін маңыздылығын қаншалықты түсінетінін анықтауды жөн көрдік.

Зерттеу мақсаты – студенттердің алып жатқан мамандықтары жайлы түсініктерін анықтап, мамандықты таңдау себебі мен болашақ кәсібіне сай мақсаттарына талдау жасау.

Зерттеу міндеттері:

1. Мамандық таңдау жайлы теориялық зерттеулер мен әдебиеттерге шолу жасау.
2. «Психология» мамандығында оқитын 1-2 курс студенттерінің психолог болуды таңдау себептерін анықтап, қазіргі заманғы кәсіптер жайлы білімдерін зерттеу.
3. Психология мамандығы туралы, психолог еңбегі жайлы студенттерге, мектеп оқушыларына арналған нұсқаулық құру.
4. Мамандықты кәсіби қабілеттілігіне сай таңдауға көмектесетін тренингтер мен психологиялық әдістемелер жүйесін белгілеу.

Зерттеу объектісі – студенттердің мамандық жайлы түсініктері.

Зерттеу пәні – студенттердің мамандықты таңдау мотивтері мен кәсіптік бағдар жұмысы.

Зерттеу болжамы: білім алушы жастардың мамандық бойынша түсініктерін кеңейту, мектеп кезеңіндегі кәсіптік бағдар жұмысын жетілдіру (мамандықтардың терең сипаттамасын беру мен оған қажетті қабілеттіліктерін анықтау) қазіргі заман талаптарына толық жауап беретін мамандар мен кәсіп иелерінің көбейе түсуіне көмектеседі.

Зерттеу әдістері: анкета, сауалнамалар, әңгімелесу, құжаттарға талдау жасау.

«Мамандық» термині - белгілі дайындықты қажет ететін және адам тіршілігін материалды қамтамасыз етудің қайнар көзі ретінде қарастырылатын қызмет түрі деп түсініледі. Мамандық белгілі адамға тән білім, іскерлік және дағдылар жүйесі ретінде сипатталады.

Мамандық таңдау психологиялық тұрғыдан екі аспектілі құбылыс болып табылады: бір жағынан – кім таңдайды (таңдау субъектісі), екінші жағынан – нені таңдайды (таңдау объектісі).

Көптеген сипаттамаларды игере отырып, таңдау субъектісі де, объектісі де мамандық таңдаудың әртүрлі мағыналылығын анықтайды. Мамандық таңдау – бірсәттілік әрекет емес, ол бірқатар кезеңдерден тұратын, ұзақтылығы сыртқы жағдайларға және мамандық таңдау субъектісінің дербестік ерекшеліктеріне байланысты.

Мамандықты сипаттаудың дәстүрлі жалпы схемасы төрт аспектіні түспалдайды:

- әлеуметтік-экономикалық (мамандықтың қысқаша тарихы, оның халық шаруашылығы жүйесіндегі ролі, мамандар дайындау туралы деректер, лауазымының жоғарылау перспективасы, айлық жалақысы, мамандықтың беделі);

- өндірістік-техникалық (технологиялық үдерістер, объектілер, еңбек қарулары, жұмыс орны, жұмысты ұйымдастыру түрлері туралы деректер);

- санитарлық-гигиеналық (климаттық жағдайлар туралы ақпараттар, жарық және басқа санитарлық факторлар сипаты, еңбек кестесі және ритмі, медициналық жарамаусыздықтар);

- психофизиологиялық (жеке тұлғаның психикалық үдерістері мен қасиеттерінің ерекшеліктеріне қойылатын мамандықтың талаптары).

«Мамандық таңдау» ұғымының әр түрлі мағыналы нұсқалары бар, алайда сол ұғымдардың барлығы кәсіби тұрғыда өзін-өзі анықтау - субъектінің ішкі ресурстарының талдауы мен мамандық таңдауда қойылатын талаптармен байланысын анықтайды.

Мамандану–кәсіби еңбек бөлісінің бір түрі болып саналады және түсінікті қамтиды, ол «кәсіп» және «мамандық». «Кәсіп» және «Мамандық» ұғымдары қамтитын әртүрлі қызметтер сапасы көп. Өмірге жаңа араласқан жасөспірімнің алдында бірнеше мыңдаған кәсіптің біреуін таңдау міндеті тұрады.

Мамандық таңдау немесе кәсіби тұрғыда өзін-өзі анықтау – адамның қоғамдағы өзін-өзі танытуының негізі және өмірдегі ең маңызды шешімдердің бірі болып табылады. Мамандықты таңдау көп нәрсені анықтайды, дәлірек айтатын болсақ: кім боламын, қандай әлеуметтік топқа жатамын, кіммен және қайда жұмыс істеймін, өмірдің қандай стилін таңдаймын деген сияқты.

Кәсіп (латын тіл. profession- «жариялау», «көпшілік алдында сөйлеу»)- «адамдарда болуға керекті дағдылар мен білімдер, кәсіби маңызды сапалардың дамуы мен арнайы қабілеттердің болуы, еңбек іс-әрекетінің тарихи қалыптасқан формасы»- еңбек орнының шегіне шығатын әлеуметтік феномен ретінде, өзіне сапалық компоненттерді қосады [2].

Е.А.Климов бойынша кәсіп феномені төрт негізгі мағынада келтірілген және олар негізгі әлеуметтік қатынастар аспектісі немесе оның төрт компоненті. Оны 1980 жылдың ортасындағы жалпы хронотоп ретінде қарастырады:

- 1) Күш мазмұнының аймағы, адам еңбек субъектісі ретінде еңбек іс-әрекетінің шектелген түрі (еңбектің тарихи жіктелуі негізінде).

- 2) Адамдардың ортақтығы, берілген еңбек қызметін орындаушы, жарамды қоғамдық мінездің болуы.

- 3) Дайындық (білімі, шеберлігі, дағдылары, квалификациясы) арқасында адамның еңбек қызметіне сәйкес қабілеттілігі.

- 4) Іс-әрекет профессионалды процесс ретінде, кәсіпкердің еңбек қызметін орындауындағы шындалуы [3].

Мамандықтың эволюциялық аспектілеріне мән беріледі:

- 1) адам еңбек субъектісі ретінде күш мазмұнының аймағында,

- 2) адамдардың ортақтығы,
- 3) іс-әрекет және тұлғаның көріну аймағы,
- 4) тарихи дамушы жүй
- 5) субъектінің шығармашылық қызметінің шындығы.

Е.А.Климов пен Н.С.Пряжников кәсіптің негізі сипаттамаларын былайша көрсетеді:

- 1) Еңбек іс-әрекетінің шектелеген түрі (еңбектің тарихи жіктелуі).
- 2) Қоғамдық пайдалы іс-әрекет.
- 3) Арнайы дайындықты пайымдайтын іс-әрекет.
- 4) Анықталған марапаттауды орындаудағы іс-әрекет, адамдардың мүмкіндіктерін

беретін қанағаттану, оның көпжақты даму шарттарына қажетті моральдық және материалдық қажеттіліктері.

5) Адамға қоғамдық және анықталған әлеуметтік мәртебе беретін іс-әрекеті (адамның негізгі қызметі, өзекті визит карточкасы ретінде көпшілік кәсіптерге қатысты: қызметі, еңбек ету мезімі мен ұзақтығы, квалификациясы, кәсіби жоғарлауы, басынан өткен экстремальды жағдайлары) көп жағдайда «Мен»-концепциясымен қалыптасады.

- 6) Психологиялық мінездеме ретінде таңдаған мамандығына қатынасы [3, 6].

Э.Ф.Зеер кәсіптің кәсіби компетенттілік, кәсіби автономия, топтық нормалар мен құндылықтар, өзін-өзі бақылау сияқты айырмашылық қасиеттерін көрсетеді [4]. А.К.Маркова кәсіптік феноменін келесідей үш аспектіде қарастырады:

1) кәсіп іс-әрекеттің тарихи қалыптасқан және әлеуметтік талаптандырылған формасы;

2) қоғам пікір бойынша кәсіп - еңбек қызметін орындаушы әлеуметтік бекітілген кәсіби міндеттердің жүйесі, іс-әрекет түрлері мен формалары, тұлғалық ерекшеліктері;

3) нақты тұлғалық пікір бойынша кәсіп - адамның қоғамдық өміріне қатысты іс-әрекеті және өмір сүруіне қажетті материалдық құралдардың негізі [5].

«Профессия» феноменінің мәнін аша келе, Н.С.Пряжников бірнеше түсініктерді ажыратады:

- профессия - туысқандық мамандықтардың тобы (дәрігер профессиясы: терапевт, хирург, окулист; мұғалім мамандығы: математика, география, тарих мұғалімі).

-квалификация- кәсіби шеберліктің деңгейі. ресми бөлімдерде, класстарда, қызметтерде, категорияларды бекітілген формальды квалификацияны ажыратады, ал реальды квалификация - адамдардың көрсете алатын шеберлік деңгейі.

- қызмет (должность) – кәсіптік көрінуінің объективті және құжаттық бекітілуі [6].

Е.А.Климов мамандықтың әрбір типінің шегінде мақсаттарының белгісі бойынша оларды класстарға бөлді:

- гностикалық мамандықтар (Г);
- қайта жаңарту (Ж);
- іздеушілер (І).

Әрбір класс шегінде негізгі еңбек жарақтарының, құралдарының белгілері бойынша олардың 4 бөлімін берді:

- қол еңбегі мамандықтары (К);
- машинамен орындалатын еңбек мамандықтары (М) (қолмен жүргізілетін машиналар еңбек құралдарын өңдеу, қозғалту, қайта жасау үшін қолданылады, сондықтан, бұл бөлімдегі мамандықтар жүргізуші, машинист және т.б.);
- автоматтандырылған жүйелерді қолдануға байланысты мамандықтар (А) – машина операторлары және т.б.;
- көбінесе еңбектің функционалды құралдарымен байланысты мамандықтар (Ф) [7].

Мамандықтың әрбір типі үшін әрекеттер құрылымын талдай отыра, Е.А.Климов олардың 4 тобын белгіледі:

- 1) қозғалыс (орнын ауыстыру, орналастыру, айналдыру және т.б.);

2) танымдылық (гностикалық) әрекеттер, оған қабылдау, елестету және логикалық әрекеттер жатады;

3) тұлғааралық қатынастар әрекеттері: диагностикалық, әрекет-талап, партнерді ақпараттық басқару әрекеті;

4) күш салуға келісу бойынша әрекеттер [7] .

Мамандық таңдау адамның өзінің қабілеттілігі мен мүмкіншілігін бағалауға негізделген жеке талабының белгілі деңгейін көрсетеді. Сонымен қатар, мамандық таңдау, өзінің кәсіби тағдырын анықтау субъектінің жоғары белсенділігін талап етеді, қалыптасқан саналы психикалық өзін-өзі реттеу деңгейіне, бақылау-бағалау аймағының даму деңгейіне байланысты болады.

Сонымен, өзінің кәсіби тағдырын анықтаудың ең маңызды факторларына мыналарды жатқызуға болады:

1) өзінің қасиеттерін адекватты бағалау қабілеті;

2) мамандық әлемін зерттей білу, кездейсоқ факторларға сүйенбей, мамандық туралы адекватты түсінік қалыптастыру қабілеті;

3) мамандық таңдау кезінде өзіне ең басты деректі бөліп алу қабілеті, яғни факторлардың индивидуалды иерархиясын, мамандық таңдау жағдайын барынша адекватты бағалау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аймауытов Ж. Психология. Алматы, 1995.
2. Борисова Е.М., Логинова Г.П. Индивидуальность и профессия. - М.: Знание , 1991.- 78 с.
3. Климов Е.А. Психология профессионального самоопределения: учеб. пособие. - М.: Академия, 2004. - 304 с.
4. Зеер Э.Ф. Психология профессий. М.: Академический проект, 2008.
5. Маркова А.К. Психология профессионализма. – М., 1996.
6. Пряжников Н.С. Методы активизации профессионального и личностного самоопределения. – М.: МПСИ, 2002 г. - 400 с.
7. Климов Е.А. Психология профессионала. - М.,1996. – 260 с.

ӘОЖ 159.9 (075.8)

ТҰЛҒАНЫҢ БЕЙІМДЕЛУ ҚАСИЕТІ АДАМ ӨМІРІНІҢ МАҢЫЗДЫ БІР ЕРЕКШЕЛІГІ

Ещанов Темирлан Серкбаевич

e.timon_94@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті
«Психология» мамандығының магистранты , Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Б. Байжұманова

Адамның бейімделу мәселесі әлеуметтану, психология, педагогика, медицина, биология және т.б. ғылымдардың теоретикалық және қолданбалы зерттеу бағыттарының бірі болды. «Адаптация» ұғымы (латыннан аударғанда *adaptare* – бейімделу, *adaptacio* – бейімделушілік мағынасын білдіреді).

Адаптация деп адамның жаңа ортаға енуін және оның жағдайларына бейімделуі үрдісін айтады. Адаптация ұнамды немесе ұнамсыз (стресс) нәтижеге әкелетін белсенді үрдіс. Бейімделушілік организм және психиканың барлық пайдалы өзгерістерінің жиынтығы. Табысты бейімделудің екі негізгі өлшемдерін бөледі: ішкі комфорт (эмоционалды қанағаттанушылық) және мінез-құлықтың сыртқы адекваттылығы (ортаның талаптарын оңай әрі нақты орындауға қабілеттілік)